

Г.Б.Әлжанова, В.С.Батурин

Қазіргі Қазақстандағы ертегректік азаматтық қоғамның рөлі

Мақала азаматтық қоғамның мәселесіне арналған. Қазіргі Қазақстанда азаматтық қоғам сияқты әлеуметтік маңызды институттарды дамыту — өзекті мәселе. Авторлар көне заман философтарының философиялық тұжырымдарын талдайды.

G.B.Alzhanova, V.S.Baturin

Role of ancient greek civil society in modern Kazakhstan

This article about civil society. Modern Kazakhstan, have a problem of development of such a socially important institution as civil society. In the article the author addresses the origins of the Greek state to regard modern concept of philosophers in the philosophical views of ancient philosophers to the problem.

ӘОЖ 008:316.42

М.М.Манасова, Б.Қ.Рақымжанов

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Жаһандану феномені және мәдениет мәселесі

Мақалада жаһандану жағдайындағы жалпы адамзаттық құндылықтар мәселесі қарастырылды. Осы зерттеудің басты өзектілігі мынада: батыс және шығыс философиясының мәдениеті қазіргі өмірдің барлық сфераларына өзінің әсерін тигізбей қоймайтын бір-бірімен өзара байланысты және қақтығыстар әлемі жағдайындағы жаһандану заманында аса қажет болып саналады. Авторлар осы батыс және шығыс мәдениеті синтезі процесінің логикасын негіздеуге ұмтылды.

Кілтті сөздер: жаһандану, мәдениет, әлемдік экономика, өркениет, батыс өркениеті, нарық, трансұлттық шаруашылық, халықаралық ұйымдар, халықаралық саяси элита, әлемдік өркениет орталықтары.

Жаһандану қазіргі заманның басты құралы, басты мәселесі болып отыр. ХХІ ғасырда адамзат баласы ғылыми-технологиялық негізде ғаламдық тұтастыққа, әлемдік бірігуге аяқ басып отыр. Ол интернационализацияның жаңа сапалы кезеңі. Бұл кезең өндірістік күштерді, материалдық және рухани өндірістің қазіргі заманғы деңгейін өмірге әкелді. Жаһанданудың көшбасшысы ретінде ақпаратты революцияның жетістігін пайдалануда және дамуында үлкен жетістікке жетіп отырған батыс өркениеті елдері танылады. Осыған қоса, батыс өркениеті өз кеңістігіне әр түрлі мәдениеті бар халықтарды тартады. Жаһандану біздің уақытта қоғамдық өмірдің барлық салаларында байқалады. Әсіресе экономикада нақтылана түсуде. Қоғамда болып жатқан процестерге қарап отырсақ, әлемдік экономика жасалып болған тәрізді. Бүгінгі күнде бұрынғы уақыттағыдай әр елдің өз ұлттық нарығы деген жоқ, бәріне ортақ, бүкіләлемдік трансұлттық шаруашылық.

Жаһандануды тек экономика және экономикалық қатынастарды ғана емес, елдер мен халықтардың саяси өмірін анықтаушы фактор ретінде алуға болады. Глобалды халықаралық-саяси жүйеде ұлттық мемлекеттердің суверенитеті және әлеуметтік қызметінде өзгеріс болады. Әлемдік саяси процестің маңызды субъектілері қатарына мемлекетпен қоса, үкіметаралық халықаралық ұйымдар, трансұлттық корпорациялар, халықаралық саяси элита, мафия, диаспора, әлемдік өркениет орталықтары кіреді.

Жаһандану, әсіресе мәдениет аймағында кең қанат жаяды. Ақпараттық жүйе масштабы жағынан жалпығаламдық, ақпараттарға, білімдерге толы. Қазіргі заманғы ақпарат құралдары адам санасынан әлдеқайда тез, жоғары қарқында қоғамдық дамуға әсер етеді. Жаһандану халықтарға үмітпен қатар қорқыныш сезімін ұялатады. Адамзат үшін жалпығаламдық жақсылық, еркіндік, үйлесімдік сыйлаумен қатар, бүкіләлемді түрлі апатқа ұшыратуы мүмкін. Нақтырақ айтсақ, жаһандану апатты жасамайды, апат оның жетістіктері және мүмкіндіктерінен шығатын жайт.

Жаһандандудың қазіргі кезеңі батыс либерализмі құндылықтары негізінде жасалып отыр. Оларға нарықты билеу, өзімшілдік, материалдық байлықтың артынан дамылсыз қуу, руханисыздық, адамдарды және қоғамдық қатынастарды билеп-төстеуге құмарлық жатады. Қазіргі замаңғы батыс мәдениетінің көрінісі адамдыққа қарсы әрі әділетсіз сипатта.

Қазіргі заман адамы — мәдениет адамы емес, өркениет адамы. Егер «мәдениет» түсінігіне ерекшелік, көпжақтылық тән болса, өркениет біртұтастық, біржақты мәнге ие. Хантингтон көрсеткендей, өркениеттер арасындағы айырмашылық нақты шындық. Өркениеттер тарих, діл, тіл, мәдениет, дәстүр, дін бойынша өзгешеленеді. Әрбір өркениет адамдарының құдай мен адам, индивид пен топ, азамат пен қоғам, ата-ана мен бала, әйелі мен ері арасындағы қатынастарға деген көзқарастары әр түрлі болып келеді. Бұл айырмашылықтар сан ғасырлар бойы өмір сүрді және жойылып кетпей болашақта өз орнын табады. Олар саяси-идеологиялық және саяси жүйелер арасындағы айырмашылықтарға қарағанда тұрақты. Демек, американдық саясаткер Хантингтонның пікірінше, ХХІ ғасырдағы ең басты және қанды қақтығыстар экономикада және идеологияда емес, өркениеттер арасында болмақ [1; 71].

ХХІ ғасыр басында адамзат дамуында бүкіләлемдік бірігуге өту жағдайы болғаны бәрімізге мәлім. Ақпаратты өркениет индустриалды қоғам орнына жүріп, адам шығармашылығы, кемелдікке жетуі анықталады. Адам әлеуметтік қоғамдағы басты мағынаға ие болады. Ендігі жерде адамның жаңа жоғары сатыға өтуі жаһанданду жолымен жүреді. Дамудың бұл сатысы адамдардың бүтін ғаламдық әлемін тудырумен тікелей байланысты. Жаһанданду табиғаты бойынша гуманды немесе антигуманды болуы да мүмкін. Сондықтан да біз өзіміздің философиялық-антропологиялық зерттеуімізде гуманистік, яғни адамдық, жағын қарауымыз керек.

Бұл бізге жаһандандудағы адами аспектіні дұрыстап анықтап алуға мүмкіндік береді.

Қазіргі замаңғы мағынада «жаһанданду» термині ХХ ғасырдың 80-жылдарының ортасында қалыптасты. Бұл терминнің пайда болуын Т.Левит есімімен байланыстырады. Оның ойынша, жаһанданду — ірі көпұлтты корпорациялар, өндіруші әр түрлі азық-түлікті рыноктардың қосылуы.

Шетелдік ғылыми әдебиеттерде қазіргі уақытта «глобализация» түсінігі әр түрлі мағынада берілген. Солардың біразына тоқталып өтелік.

А.В.Мироновтың жазуынша, «жаһандандуды біз экономика, саясат, мәдениетке әсер етуші күрделі әрі көпжақты процесс ретінде түсінеміз. Бұл жерде шекара бұзылып, әлеуметтік-мәдени өмір ұйымдасады» [2; 11].

М.В.Ильин жаһандандуды «біртұтас әлемнің құрылуы» ретінде анықтап өтеді [2; 12].

В.Л.Иноземцев жаһандандуға мынадай анықтама береді: «Қазіргі замаңғы жаһанданду — аймақтық әлеуметтік-экономикалық жүйелердің байланысы, арақатынасы, бүкіләлемдік біртұтас жүйеге өту» [2; 12].

Жаһандық өркениеттің қалыптасуы барысында осы өркениет төңірегіндегі трагедиялық қарама-қайшылықтардың, яғни, бірде адам барлығының үстінен жоғарыдан өз үстемдігін жүргізуге ұмтылса, енді бірде аштық, кедейшілік, ауру-сырқау басты орынға шығатындығын аңғару қиынға соқпайды. Олай болса, нақ осы қарама-қайшылықтар жаһандық өркениет тұтастығына қауіп-қатер төндіретін бірден-бір алғы шарттар болып табылады.

Бір кездері батыс әлемі постиндустриалдық қоғамды басынан кешіріп жатыр десе, енді бір кезеңде ақпараттық қоғам алға шығуда деген алып-қашты әңгімелер адамдар арасында өзіндік әлеуметтік сипатқа ие болғандығы рас. Әрине, қоғамда басқа да ақпараттардың болғаны анық, бірақ осылардың барлығын біріктіріп тұрған бір ғана методология, енді ғана қалыптасып келе жатқан жаңа өркениеттің бірегейлігі жаңа технологиямен, жаңа экономикалық құрылымға келіп саяды. Сондықтан болар ақыл-ой еңбегімен, әлеуметтік қабаттармен байланысты қызмет көрсету саласының өсу деңгейі көп жағдайда социум болмысын өзгеріске ұшыратады. Бүгінде қоғамымызда басты орынға ие болып отырған ақпараттарды алмастыру тәсілдері мен «компьютерлік революция» тек қана экономика сферасында ғана емес, адамзат өмірінің барлық саласына аса күшті әсер етіп отырғандығы дау тудырмаса керек. Олай болса, жоғарыда аталып отырған қомақты өзгерістер жаңа өркениеттің қалыптасуына негіз болуы сөзсіз.

Қазіргі мәдениеттің экрандық сатысында адам мен әлеуметтің арақатынасы түбегейлі өзгеретіндігі белгілі. Алайда постиндустриалды қоғамда мәдениеттің әлеуметтік мәнісі кемиді деген ой өрісі тар. Осыны көптеген мәдениеттанушылар жете түсінген. Мысалы, мәдениеттің әлеуметтік динамикасын ақпараттар ағыны мен кибернетикалық әдістерді қолдана отыра зерттеген француз ғалымы Абрам Моль мәдениет математикалық сипатқа енді, бұрынғы дәстүрлі гуманитарлық мәдениет өзгеріп кетті дейді. Бұл жерде индивидуалдық пен әлеуметтік мәдениетті ажыратады.

Соңғысын Моль «әлеуметтік-мәдени кесте» деп атап, ондағы әлем мен қоғам суреттемелері жеке адам үшін «экран» қызметін атқарады дейді.

Қазіргі әлемдегі батыстандыру үрдістерін көрсететін тағы бір ілімге коммуникация құралдарын «ыстық» және «суықтарға» бөлетін М.Маклюэннің теориясы жатады. «Ыстық» коммуникация құралдары ақпаратқа толы және ол қатысушының белсенді араласуы мен ұйғарымдарын керек қылады.

Соңғы кездері ақпараттық өркениеттік толқынға қатысты бұқаралық мәдениетті зерттеудің социометриялық әдістерінің ұтымдылығы жөнінде көптеген дәлелдер келтірілді. Жеке-дара мәдени субъекті семиотикалық ілімдер тұрғысынан да табысты талданып келеді. Бірақ рухани мәдениет пен оның субъектісін формалық әдістермен зерттеудің шектілігін де ескерген жөн. Әрине, символикалық логика түсіну мен білдірудің толық концепциясын қалыптастыра алмайды. Мәдени ақпаратты беру мен сақтауда жеке адамның экзистенциалдық болмысы ескеріле бермейді.

Бұл қайшылықты шешудің маңызды құралы ретінде соңғы кезде постмодерндік мәдениеттану идеялары ұсынылуда. Постмодернизмді талдауда осы бағыттағы индивидуализм мен әлеуметтік мәдениеттің арақатынасына байланысты кейбір идеяларға тоқталып өтейік.

Постмодернизмге жақын ілім постструктурализмде әлеуметтік құрылымдар мен тұтастықтың тұйық негізінен шыға алатын индивидуалдылықтың пәрмендігіне үлкен көңіл бөлінеді. Франциядағы 1968 жылғы толқуларда кейін постструктуралистер «әлеуметтік бірлестіктер көшеге шыға алмайды» деген қорытындыға келеді. Яғни құрылымдағы маңызды нәрсе тұтастық емес, сол құрылымды өзгертетін жеке жігер мен еркіндік. Плюрализм мен орталықсыздандырылған тұлға жаңа әлеуметтік мәдениетті қалыптастыра алады делінеді. Дүниені жаңаша түсінуде эгоцентристік сана ерекше рөл атқарады. Позитивистік мағынадағы оның девизіне «Мен болмасам, кім?» сұранысы айналады.

Постмодернизмде адамдық қатынастарды «интимдендіру» және стандартты «орташа адамнан» арылу маңыздылығы алға қойылады. М.Бахтин мен Ю.Лотман концепцияларында Мен тек Басқаға баға беріп қана қоймай, сол Басқаның Мен туралы бағасын ескеру қажеттілігі айтылады [3].

Енді индивидуалдылықпен қатар «қауымдастық» түсінігінің мәні мен мазмұнына тоқталайық. Әрине, архаикалық қауым адамдық қоғамдастықтың архетипі екендігі даусыз.

Алғашқы қауымды кейде дәстүрлі қоғам деп те атайды. Ресей зерттеушісі Л.Ионин американдық С.Хантингтонның іліміне сүйене отырып, осы қоғамды былай суреттейді: «Дәстүрлі қоғамда адам оған танылатын статустармен айқындалады және онда әріптесінің жынысы, жасы, әлеуметтік иерархиядағы орны маңызды болып табылады. Ол әріптес ретінде емес, ал бір қауымның мүшесі ретінде бағаланады» [1; 32,33].

Біз өз мақаламызда «қауымдастық» түсінігін адамдық ынтымақтастық пен бірегейленудің, адамдардың бірлесе өмір сүруінің ерекше формасы ретінде қолданамыз. Кезінде Э.Дюркгейм адамдық қауымдасудың органикалық түрі туралы арнаулы пікір айтқан. Ол мұндай тұтастықты биологиялық организммен салыстырады: онда барлық мүшелер бір-біріне ұқсамайды, бірақ барлығы бірігіп организмнің өмір сүруін қамтамасыз етеді. Органикалық ынтымақтастықтың әлеуметтік-мәдени негізінде тұлғалық еркіндік, мүдделер келісімі және заң жатады. Осындай тұлға жалпы келісімге негізделген императивтер аймағында еркін әрекет ете алады. Бұл қоғамның жетекші принципі — дарашылдық.

Әрине, капитализм мен нарық даралық тұлғаны жоғары деңгейге көтереді. Алайда өркениеттіліктің индустриалдық толқыны аграрлық қатаң жіктелген сословиелер мен таптардың орнына аморфты «тобырды», «орташаланған», «стандартталған» адамдардың жиынтығын тудырғанын да естен шығармаған жөн. «Тобыр көтерілісі» атты Ортега-и-Гассет еңбегінде осы мәселе жан-жақты қарастырылған. Сол себепті тобыр мен адамдық Меннің мәдени-психологиялық қырлары жаңаша қарастырылған. З.Фрейдтің «Мен және Ол» еңбегінде субъектінің ішкі шындығына көбірек көңіл бөлген австриялық ойшыл жіктелген субъектіде Мен, Ол және Әсіре-Меннің әрекет ететіндігін алға тартады. Мен қаншама өзіндік құштарлығын жүзеге асырғысы келгенімен, әр уақытта мәдени және әлеуметтік кедергілерге тап болады. Осы кедергілердің негізгісі — бейсаналық тобырлық рух. Көп клеткалы организм тәрізді тобырлық адам тұтастықтан тыс өмір сүре алмайды. Осындай «коллективтік» ақыл-сана рөлі кеміп, аффектілер мен инстинктердің ықпалы күшейе түседі. Тобыр сыни сезімді жоғалтып алады [4; 287].

З.Фрейдтің пікірі бойынша, тобыр ежелгі мәдениетте ғана емес, сонымен бірге қазіргі қоғамда да пайда болуы мүмкін. Оның басты сипатына, адамдық Менді жоғалтып, еркіндік пен ырықтылықтан айрылу жатады. Тобырда мәдени және өркениеттік регресс анық байқалады. Саналы таңдаудың орнын еліктеу, соқыр сенім, психикалық қозу алады. Сөз магиясы өз шегіне жетеді. Тіпті, білімді

адамның өзі тобырда «варварға» айналып кетеді. Тобыр мен тоталды ұйымдасқан көпшіліктің, коллективтің арасында айырмашылық көп. Тобыр бейсаналық түрде қалыптасса, коллектив арнаулы мақсат үшін ұйымдастырылады.

Жоғарыдағы тұжырымның тағы бір дәлелі — қазіргі адамның дене конституциясы мен тәндік ерекшеліктері. Тік жүру, тәннің көп бөлігіндегі түксіздік, оң қолының ассиметриялық дамуы ілкі адамның көп клеткалы организм сияқты тобырдың ажырамас бөлігі болғандығын дәлелдейді.

З.Фрейд былай дейді: «Әдеп бастауы болып табылатын тотемдік екі табу бірдей емес. Олардың бірі ғана: тотемді аяу сезімге негізделген; әкені құртып тынды, енді шындықта ештеңені өзгертпесе де болады. Бірақ басқасы инцестің орнын алмастырудың өмірлік маңызды. Жыныстық құштарлық еректерді біріктірмейді, ол, керісінше, ажыратады. Сондықтан отбасылық реттеу қажет болды [4; 333,334].

Сонымен, тек қазаққа тән деп жүрген құбылысымыз ежелгі мәдениеттегі әмбебапты феномен екен. Тағы бір ескерте кететін жағдай: этикалық үдерістер мен әлеуметтік құрылымдар әр түрлі негіздерде қалыптасқан: рулық қоғамда жекелену шектеулі болса, осы рулар құрастырған этникалық тұтастық өзіндік келбетке ие болып, бойына даралық мәдениетті қалыптастырады. Яғни, этногенетикалық процестердің өзекті заңдылықтары бойынша, белгілі бір әлеуметтік қауымның этностана бастауы ең алдымен сол қоғамдағы адамдардың заттанған қызметінен айқын көрінеді. Сөйтіп, белгілі бір әлеуметтік қауым этностанған кезде этникалық мәдениет қоғам өмірін тігінен де (мәдени деңгейлер), көлденеңінен де (мәдени айғақтар) біртұтас етеді дейді Акселеу Сейдімбек.

Әлеуметтану антропологтары Б.Малиновский және А.Р.Рэдклифф Браун өздерінің зерттеу барысында мәдени байланыс феноменін, мәдени қақтығысты зерттеу нышаны етіп алады. Бұл құбылыс әсіресе батыс өркениетінің жергілікті мәдениетке енуінде байқалады. Даниэль Чиро XX ғасырда әлемде «аз ғана дәстүрлі» қоғамның қалғаны туралы баяндайды. Ғаламшардағы тұрғындардың барлығы жоғары модернизацияланған «батыстық әлемнің» әсерін басынан өткерді. Жергілікті нормалар және құндылықтар, дәстүрлер және мораль, діни сенімдер, отбасылық өмір үлгісі, өндіріс тәсілдері және қазіргі заманғы батыс институттары астында қалып, жойылып кетеді.

Берілген жағдай екі қарама-қайшы реакциялардың пайда болуына әкелді. Мысалы, антропологтар, «мәдени империализм» жайында айта бастады, бұл өз болмысын жоғалту, түгел мәдени бірігу секілді апатқа ұшырауға алып келмек. Ал «этноорталықтану» батыстандыру, жабайылыққа қарсы шықты.

Қазіргі уақытта батыстандыру қанат жайып келеді. Қоғамдық және ғылыми кеңістікте «мәдени синхронизация» салдарынан әлемдік мәдени жүйелердің әр түрлілігі азаюда. Сонымен қатар мәдениет коммерциализациясы, көпшілік мәдениеті «мәдениетсіздікке», жаңа жабайылыққа әкеледі. Бірақ бұған қарама-қарсы көзқарастар да бар, дамудың батыстық үлгісін ұстану арқылы жоғары дамыған әлем мемлекетінің дәрежесіне жетуге болады. Соңғысын әлеуметтік эмансипация түрінде немесе өркениет белгісі ретінде алуға болады. Бұл пікірді көбіне саясат және экономика саласының өкілдері ұстанған болатын. Ақпараттық құралдар біздің ғаламды «үлкен ауылға» айналдырмақ, барлығының мәдени жемі бір. Оған мысал ретінде телеарнаны алуға болады. Дамыған елдерде саяхат жасау, туризм батыс мәдениет бейнесін барлық жарық әлемге таратумен сәйкес.

Бұл маңызды процестер теоретикалық ой-толғамдар тудырады. Соның бірі Ульф Ганнерстің «глобалды ойкумендер» теориясы. «Ойкумен» деп ол күнделікті мәдени арақатынастарды, бір мәдениеттің басқасына ауысуын, өтуін айтады. Дәстүрлі мәдениеттер белгілі бір өмір сүріп жатқан кеңістікке, ортаға байланысты жасалып отырады. Қазіргі заманғы мәдениеттер, керісінше, нақты уақыт пен кеңістігі белгілі шекараны коммуникация аймағындағы қазіргі заманғы технологиялар көмегімен байланыстырып, біріктіреді. Глобалды ойкумен бойынша мәдени ағымдар симметриялы да, екі жақты да емес. Олардың көбісі бір бағытқа бағытталған.

Ганнерстің айтуынша, осындай ассиметриялы құрылым орталық-периферия — барлық мәдениет өлшемдерін және географиялық аймақтарды бүркеуші тұтас жүйе емес, өз уақыты келгенде әрекет жасаушы және өзгеруші мамандандырылған орталықтары бар конгломерат. Қазіргі кезде мұндай орталықтарға АҚШ (ғылым, жаңа технологиялар), Франция (жоғары киім үлгісі және дәмді тағам өнімдері), Жапония (корпоративті мәдениет аймағы); аймақтық орталықтарға — Латын Америкасындағы Мексика, араб әлеміндегі Египет, католистік — Ватикан, исламдық — қасиетті Кум және Мекке қалалары жатады.

Болашақ жайында айта келе, Ганнерс мәдени унификацияның төрт мүмкін сценарийлерін көрсетеді. Бірінші — «глобалды гомогенизация», мұнда батыс мәдениеті толық жетекшілік етеді, ал қалған әлем батыстық өмір сүру бейнесінің сәтті жемісі болып табылады. Мысалы, әлемнің бүкіл

елдерінде бар дүкендерде бірдей тауарлар, театрларда бірдей қойылымдар, газеттерде бірдей жаңалықтар және тағы сол сияқты. Осыдан байқасақ, кез келген жергілікті специфика Батыс өркениеті әсерінен жойылып кетпек.

Көрсетілген процестің спецификалық нұсқасы бар, яғни «ситуация сценарийі — толысу». Онда периферия ортаның мәдени бейнелерін баяу сіңіріп, кейін уақыт өте келе жергілікті мәдени формалар жоғала бастайды, яғни тарихта мәдени біртұтастық құрыла бастайды.

Үшінші сценарий, «коррупциямен периферияланған», бейімделу процесінде батыс мәдениетінің орналасуы және құлдырауды білдіреді. Периферияға ұрынған жағдайда оның жоғары құндылықтарын қысымға алады. Осы жағдайда екі механизм жұмыс жасайды. Біріншісі ең төменгі деңгейдегі мәдени азық-түліктерге орын қалдыра отырып, «жоғары интеллектуалды» жетістіктерді жүйелейді. Екінші механизм батыс құндылықтарын алып, күнделікті өмір сүру бейнесіне икемдейді. Мысалға, дәстүрлі аристократиялық елде демократиялық құндылықтар деспотизмге; теңдік отбасылыққа; сөз еркіндігі — жағымсыз сөздерге; жиналыс еркіндігі — фракционизмге, сансыз топтардың күнделікті күресіне тез әрі жеңіл түрде айналады.

Төртінші сценарий, Ганнерстің жанына жақын, — бұл «жетілу сценарийі». Ол тек соқыр қабылдауды ғана емес, енуші мәдениеттің кейбір құндылықтарды қамтып, тең сұхбат алысуды ұсынады. Мәдениет ерекшелігі қалғанмен, дамуына әсер етіп отырады. Перифериялы мәдениет өкілдері өз қалауы мен қажеттілігіне сай нәрселерді алады. Жергілікті мәдени құндылықтар осы жаңа негізде кеңейіп, байып отырады. Ганнерс бұны мәдениет «креолизациясы» (гибридтелу) деп атайды. Бүкіл әлемде барлық мәдениеттер күрделі синтезден тұрады, олар біртекті емес, периферия мен орта арасында тарихи жиналған арақатынас өмір сүреді. Автор сөзі бойынша, мәдениеттердің ортақ глобалды бүтінге бірігуі емес, «олардың арасындағы сұхбат».

Мәдени диффузия, яғни мәдени құндылықтардың біте қайнасуы, жағымды әрі жағымсыз екі жақты аспектіден тұрады. Бір жағынан, халықтардың бір-бірімен көбірек араласып, жақындасуына әкелсе, екіншіден, мұндай белсенді қарым-қатынас мәдени болмысты жоғалтып алуға әкеледі.

Шетелдік әдебиеттерде мәдени жаһандану процесіне үш көзқарас келтірілген. Біріншіден, мәдени жаһандану объективті жағынан қажетті және негізі жағымды. Мұндай ұстанымды швейцарлық лингвист Ж.Молино жақтайды. Оның ойынша, еуропалықтар үшін үйреншікті европоцентризмнен бас тарту қиын, олар мұндайда мазасыздыққа ұшырайды деп есептейді.

Екінші көзқарас бойынша, керісінше, мәдени жаһандануға апокалиптикалық, сыни қатынаста. Бұл әсіресе франкфурттық мектеп өкілі Т.Адорно және М.Хоркхаймер философиясында анық көрсетілген. Олар ең алғаш болып көпшілік мәдениеті, бүгінгі күнгі посмодернистікті туғызып, мәдени индустрия феноменін ашты. Олардың ойынша, мәдени индустрия заттарын тарату қоғамның азып-тозуына әкеледі. Кейін бұл ойлар структурализмде (Фуко), ситуационизм (Г.Дебор), потмодернизм (Ж.Ф.Лиотар, Ж.Бодрийяр), тағы басқа қазіргі заман ойлары ағымдарында жалғасын тапты.

Үшінші көзқарас бірінші мен екіншінің арасында, сыни болып саналады. Оның негізін ағылшын социологы Р.Хоггарт қалайды. Оның пайымдауынша, қалалық көпшілік мәдениетке бейімделу автоматты түрде және баяу болған емес: жұмыскерлер қарама-қарсылық танытып, бірегейліктен бас тартты. Францияда бұл идеяны тарихшы М.де Серто дамытты. Оның ойынша, стратегия, жүйе және тіл экономикалық реттілік және билікті басқарушы деп санады.

Өз еліміздің жаһандану үдерісін басынан өткізу жағдайына келер болсақ, Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін қазақ мәдениеті үшін бұрын-соңды болып көрмеген тарихи мүмкіндік пайда болды: ұлттық мұра құндылықтарын қазіргі озық мәдениеттер жетістіктерімен үйлесімді қосу. Бұл ұжымдылық пен жеке-даралықты, үлкенді сыйлау мен тұлға еркіндігін, экологиялық сана мен жасампаздықты, төзімділік пен белсенділікті және т.б. үйлесімді қоса білуді талап етеді. Бірақ бұл жүзеге аса ала ма? Әлде көшпелілер ұрпақтары батыстық либералдық құндылықтарды қабылдауға қабілетсіз болып шыға ма?

Өркениеттің ақпараттық толқыны жағдайында жоғарыда аталған адам болмысының стратегиясы түбегейлі өзгерістерге ұшырайды. Бұрынғы шешім қабылдаушы субъектінің орнына ұжымдық интеллект ретіндегі ақпарат келеді. Бұл интеллектіден асып түсетін күш әлемде әзірше әзір болмай тұр. Постиндустриалдық өркениетте «адамдық капитал» бірінші орынға шығады.

Қазір батыстандыру саясатында экспансиялық сипат күшейіп келе жатқанын көрсетеді. Бұл қазақстандық зиялы қауымды толғандырмай қоймайды. Біз осындай экспансияға төтеп бере аламыз ба? Осы жөнінде академик Нысанбаев өз толғаныстарын былай жеткізеді: «Вестернизация деген ұғым бар, яғни батыстану, — бүкіл әлемді батыстың үлгісімен дамыту. Мысалы, нарыққа көшіп

жатырмыз, демократия, сөз бостандығы деп жүрміз — мұның бәрі батыстан шыққан, ал шығыстың құндылығы өз алдына. Жаһандандудың тағы бір көрінісі — америкаландыру. Американың доллары бүкіл әлемді жаулады, Американың стандарттары, тауарлары дүние жүзіне тарап кетті. Бізге жаһандандудың пайдалы жағы, біз Батыстан инвестиция алып жатырмыз, капитал, технология келеді. Ол біздегі тоқтап тұрған өндіріс орындарын жандандыруға септігін тигізеді. Бірақ Қазақстан батыс рыногына, бәсекеге төтеп беретін өз тауарын шығара алмай отыр. Ондай тауар бізде жоқ. Қарап отырсақ, жаһандану процесінде біздің еншімізге тиетін шаруа шикізат өнімдері ғана сияқты. Шетелдіктер бізден шикізатты арзанға сатып алып, өңдеп, пайдалы затқа айналдырып, қайта қымбатқа сатады. Бұл экономикалық жаһандану. Мәдени жаһандану салдары одан да қауіпті. Сөйтіп, біз саяси және экономикалық тәуелсіздігіміздің белгілі бір бөлігінен еш соғыссыз-ақ, бейбіт жолмен айрыламыз».

Әрине, ғалым бұл жерде сенімсіздік емес, қазақ мәдениетінің болашақ тағдырына деген өз ойын білдіріп тұр.

Қазіргі қазақстандық рухани мәдениетінің батыстандыру өрісіндегі кейбір үрдістеріне назар аударайық. Саяси-экономикалық батыстандыру процестерінен бөлек, қазақстандық рухани мәдениетте болып жатқан өзгерістер де өз пәрменділігімен, қайталанбайтын ерекшеліктерімен, қайшылықтығымен көзге түседі.

XX ғасырдың 90-жылдары ТМД аумағында бұрынғы жүйенің таралуымен белгілі. Бұл кезде мемлекет мәдениетке деген монополиядан бас тартып, кемпірқосақтың барлық түстеріне «жол ашты», нарықтық қатынастар рухани мәдениеттің көптеген ұжымдары мен түрлеріне ыңғайсыз болып шықты, мәдениет пен өнердің дәстүрлі емес түрлері (батыстық) қаулап өсті, шығармашылық еркіндігі жарияланды. Бұл кезеңде мәдени саясат негізінен мына бағыттарда жүргізілді:

- мәдени мұраны жаңғырту;
- жинақталған классикалық ұлттық мұраны сақтауға қаржылық көмек беру;
- нарық қыспағына түскен мұражайлар, кітапханалар, театрлар мен басқа да мәдени ошақтарды сақтап қалуға әрекет жасау;
- ұлтаралық келісім және қоғамдағы тұрақтылықты сақтауға игі ықпалын тигізетін ұлттық мәдени орталықтардың жұмысын қолдау;
- қоғамның мәдени қуаттылығын арттыратын мәдени инновацияларды қолдау;
- мәдениет саласындағы кәсіби білім беруді сақтау, жас дарынға жағдай туғызу;
- мәдени объектілерді жаппай жекешелендіруден қорғау;
- мәдени коммерциализация тудыратын құндылықтарды (нәпсіқұмарлық, девианттық, садизм, порнография т.б.) шектеу және т.б.

Жаһандану мәдени-өркениеттік өзіндік бірегейліктің жаңа, күрделенген типін, өз бойына дәстүрлі этномәдени құндылықтардың тартымдылығы мен модерндеудің космополиттік құндылықтарының пәрменділігін үйлесімді түрде немесе, ең болмағанда, қақтығыссыз күйінде араластыра енгізетін топтық етенелілікті іздестіру мәселесін көлденеңінен қойды.

Мемлекеттік бірегейлікті жоғалту бірқатар себептердің әсерінен жүзеге асады. Біріншіден, азаматтық қоғам XVIII ғасырдағы индустриалдық төңкеріс дәуірінен бері тұңғыш рет мемлекеттен халық еркінің жинақталған институционалдығын бүкіл қуатымен қоғам өмірінің стратегиялық бағыттары мен басымдылықтарын қамтамасыз ететін жетекші және әлеуметтік-саяси ұйымның ешқандай айырбасталмайтын формасын көруден қалды. Азаматтық қоғамға мынадай анықтама берілген: қоғам демократиялық дамудың белгілі бір сатысында ғана азаматтық болады және елдің экономикалық, саяси дамуына, халықтың әл-ауқатының, мәдениеті мен сана-сезімінің өсу шамасына қарай қалыптасады. Елде азаматтық қоғамды қалыптастыру және демократияны дамыту өзара тығыз байланысты: азаматтық қоғам неғұрлым дамыған болса, мемлекет соғұрлым демократиялырақ болады. Өз бойына ұлттық өкіметтер мен мемлекеттік институттардың құзыретінің үлкен бөлігін қабылдап алған мемлекеттік емес халықаралық ұйымдардың саны өсіп, функциялары көбейіп және ықпалы жоғарылауда. Биліктің диффузиясы етенелік, азаматтық тәртіп туралы дәстүрлі көзқарастарды өзгерістерге ұшыратты.

Екіншіден, ақпараттық-коммуникативті тораптар, әлемдік рынок және ғаламдық өзара әсердің өзге де тетіктері дәстүрлі мемлекеттің жүргізетін әлеуметтік бақылауының сипатын түбірімен өзгертеді, оның әлеуметтік-нормаландырушы бекітілімдерінің беделін бұзады.

Бұл жайында өз уақытында О.Шпенглер былай деп атап өтті: «Екі адамның байланысы кезінде немесе бір мәдениеттің формаларын қабылдауға көнетін қаңқалары көрінісінде оның өлі әлемін

көрген екі мәдениет өзара түйісе алады. Екі жағдайда да тек адам ғана әрекетшіл» [5]. Сондықтан жаһандандудың алдын алуда әрбір адамның ішкі рухани әлемімен үндесіп барып әрекет етуі, ұлт болмысын сақтап қалуы маңызды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Хантингтон С. Столкновение цивилизаций. — М., 2003.
- 2 Уткин А.И. Мировой порядок XXI века. — М., 2002.
- 3 Бахтин М.М. Ответ на вопрос редакции «Нового мира». — Т. 6. — М., 2002. — С. 161.
- 4 Фрейд З. Я и Оно. — Тбилиси, 1991.
- 5 Шпенглер О. Закат Европы. Очерки по морфологии культуры. — Т. 2. — М., 2003. — С. 57.

М.М.Манасова, Б.К.Рахимжанов

Феномен глобализации и проблема культуры

В статье рассматриваются проблемы общечеловеческих ценностей в условиях глобализации. Актуальность данного исследования состоит в том, что изучение культуры западной и восточной философии особенно необходимо в период расширяющейся глобализации, которая в условиях все более взаимосвязанного и конфликтного мира пронизывает все сферы современной жизни. Автор, исследуя основные мировоззренческие идеи и ценности культуры Запада и Востока, стремится обосновать логику процесса синтеза двух культур.

G.B.Alzhanova, V.S.Baturin

The phenomena of globalization and the problem of culture

The article are mean own view of great civilization for peace traditions and merits which they are hold on. The urgency of the given research consists in that that culture of western and east philosophy becomes especially necessary in extending globalization which in the conditions of more and more interconnected and disputed world penetrates all spheres of a modern life. And here the author is getting to know ideas, merits put as aim find common base or reach mutual understanding in culture comparing views of thinkers and hold on it.